

Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігі  
«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ



«КЕЛІСІЛДІ»  
Қарағанды «Bolashaq» жоғарғы  
колледжі директоры  
Г.Б. Мамраева  
2023 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»  
Қарағанды университетінің  
Басқарма Төрағасының орынбасары  
А.А. Мамбетов  
2023 ж.



«БЕКІТЕМІН»  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы  
Қарағанды университетінің  
Басқарма Төрағасының Ректоры  
Н.О. Дулатбеков  
2023 ж.

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

8D01101 – Педагогика және психология

Деңгейі: докторантура PhD

Қарағанды қ.

2023 ж.

**«8D011 – Педагогика және психология» дайындау бағыты бойынша білім беру бағдарламасы келесі құжаттар негізінде әзірленді:**

–«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (12.04.2021 ж. өзгерістер мен толықтыруларымен);

–«Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-I Заңы (24.05.2018 ж. өзгерістер мен толықтыруларымен);

–Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, 2018 жылғы 31 тамыздағы № 604 бұйрығы;

–Әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі Республикалық үшжақты комиссиясының 2016 жылғы 16 наурыздағы хаттамалық шешімімен бекітілген Ұлттық біліктілік шеңбері;

–ҚР БҒМ «Кредиттік технология бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 2 қазандағы № 152 бұйрығы (12.10.2018 ж. № 563 өзгертулер және толықтырулармен);

–Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығы.

*Педагогика мамандықтары үшін:*

–Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандарты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 15 тамыздағы № 484 қаулысы;

–«Педагогтың» кәсіби стандарты (Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша).

## Мазмұны:

№	Білім беру бағдарламасының төлқұжаты	Беттер
1	Білім беру бағдарламасының коды және атауы	4
2	Білім беру саласының коды және жіктелуі	4
3	Білім беру бағдарламаларының тобы	4
4	Кредиттер көлемі	4
5	Оқу түрі	4
6	Оқу тілі	4
7	Берілетін академиялық дәреже	4
8	Білім беру бағдарламасының түрі	4
9	БЖХС бойынша деңгей	4
10	ҰБШ бойынша деңгей	4
11	СБШ бойынша деңгей	4
12	Білім беру бағдарламасының ерекшелігі	4
	ЖОО партнер (серіктес)	4
	ЖОО партнер (серіктес)	4
13	Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі	4
14	Аккредиттеу органының атауы және аккредиттеудің қолданылу мерзімі	4
15	Білім беру бағдарламасының мақсаты	4
16	Білім беру бағдарламасы бойынша түлектің біліктілік сипаттамасы	4
а)	Біліктілік пен лауазымдар тізбесі	4
б)	Кәсіби қызмет саласы мен объектілері	4
в)	Кәсіби қызмет түрлері	5
г)	Кәсіби қызметінің функциялары	5
17	Құзыреттіліктер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау	6
18	Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау	7
19	Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы	8
20	Оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу (ЖОН)	11
21	Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері	12
22	Түлек моделі	13

## **Білім беру бағдарламасының төлқұжаты**

1. Білім беру бағдарламасының коды және атауы: 8D01101 – Педагогика және психология
  2. Білім беру саласының коды және жіктелуі: 8D01 – Педагогикалық ғылымдар;  
Дайындық бағыты: 8D011 – Педагогика және психология
  3. Білім беру бағдарламаларының тобы: D001 – Педагогика және психология
  4. Кредиттер көлемі: 180 академиялық кредит
  5. Оқу түрі: күндізгі
  6. Оқу тілі: қазақ, орыс
  7. Берілетін академиялық дәреже: PhD докторы
  8. Білім беру бағдарламасының түрі: қолданыстағы
  9. БЖХС бойынша деңгей: 8 деңгей
  10. ҰБШ бойынша деңгей: 8 деңгей
  11. СБШ бойынша деңгей: 8 деңгей
  12. Білім беру бағдарламасының ерекшелігі: жоқ
  13. Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі: ҚР Білім және министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 28.07.2020 ж. №320 бұйрығы, лицензияның нөмірі №KZ 83LAA0018495, берілген күні 28.07.2020 ж.
  14. Аккредиттеу органының атауы және аккредиттеудің қолданылу мерзімі: ұйым атауы БСҚТҚА, сертификат № №SA-A №0174/6, берілген күні «23.12.2019г.», қолданылу мерзімі 5 жыл – 20.12.2024 дейін.
  15. Білім беру бағдарламасының мақсаты: Қазақстан Республикасындағы білім және ғылым дамуы үшін білікті мамандар даярлау, толыққанды білім алу үшін жағдайларды, кәсіби құзырлылықты қамтамасыз ету.
  16. Білім беру бағдарламасы бойынша түлектің біліктілік сипаттамасы
- а) Біліктілік пен лауазымдар тізбесі**
- Докторантура түлегіне «8D01101 - Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы» дәрежесі беріледі.
- Лауазымы: ЖОО оқытушысы, білім бөлімдеріндегі маман, білім беру ұйымының және ҒЗИ басшысы, білім беру ұйымы мен ҒЗИ басшысының орынбасары, ғылыми қызметкер.

## **б) Кәсіби қызмет саласы мен объектілері**

- «8D01101 – Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша бітірушілердің кәсіби қызмет саласы болып табылады:
- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі;
  - ғылыми-зерттеу ұйымдары.

«8D01101 – Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша түлектердің кәсіби қызметінің нысаны болып табылады:

- жоғары оқу орындары;
- педагогикалық колледждер;
- білім басқармасының департаменттері;
- білім беру жүйесі кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау институттары;
- ғылыми-зерттеу институттары мен зертханалар.

**в) Кәсіби қызмет түрлері:**

- білім беру;
- басқарушылық;
- зерттеушілік.

**г) Кәсіби қызметінің функциялары:**

- **оқыту** – оқу ақпаратын таратады, өз бетінше білім алуға үйретеді, оқушылардың лингвистикалық сұраныстары мен сұраныстарын ескере отырып, оқу сабақтарын құрастырады, оқытудың жаңа технологияларын, соның ішінде АКТ және т. б. пайдаланады.;

- **тәрбиелеу** – білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне, педагогикалық тактіні, педагогикалық этика ережелерін сақтауға баулиды, білім алушылардың тұлғасына құрмет көрсетеді, Қазақстанның ұлттық басымдықтарын ескере отырып, тәрбие процесін құрады және т. б.;

- **әдістемелік** – білім беру үдерісін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады, өз біліктілігін арттыруды жоспарлайды, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін анықтайды, берілген мақсаттарға сәйкес оқу материалдарын әзірлейді және т.б.;

- **зерттеушілік** – білім алушылардың білім беру мазмұнын меңгеру деңгейін зерттейді, білім беру ортасын зерттейді, білім алушылардың жеке ерекшеліктерін диагностикалау нәтижелерін қолданады;

- **әлеуметтік-коммуникативтік** – кәсіби қоғамдастықпен және барлық мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады, білім беру стейкхолдерлерін біріктіретін инновациялық идеяларға бастамашылық жасайды және т.б.;

- **басқарушылық**-білім мен ғылымды дамытудың жалпы үрдістері, білім беру ұйымының дамуының жалпы стратегиялық бағыттары контекстінде үдерістерді басқарады.

## Құзыреттіліктер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау

Құзыреттілік түрлері	Оқу нәтижесінің коды	Оқу нәтижесі (Блум таксономиясы бойынша)
1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер: (Softskills)	ОН 1	Халықаралық академиялық қоғамдастықтың талаптарын эссе, ғылыми мақала, диссертация және т. б. сияқты түрлі жанрдағы ғылыми зерттеу нәтижелерін рәсімдеуге және ұсыну құрылымына қолданады.
	ОН 2	Өзін-өзі жетілдіру және кәсіби дамыту мақсатында психологиялық-педагогикалық ғылым мен ғылыми зерттеулер жетістіктерінің маңыздылығын сын тұрғысынан түсінеді.
	ОН 3	Ғылыми зерттеулердің әдіснамасы мен әдісін біледі, зерттеу мәселесін анықтай алады, оны ұйымдастырады және жүргізеді, эксперименттік мәліметтерді интерпретациялауды жүзеге асырады; ғылыми зерттеулердің нәтижелерін тәжірибелік қызметке енгізеді және бағалайды.
2. Кәсіби құзыреттер: (Hardskills)	ОН 4	Педагогикалық қызметті, педагогикалық қарым-қатынасты жоғарғы деңгейде жүзеге асырады, қазіргі педагогикалық технологияларды меңгерген және оларды кәсіби қызметте қолдана алады.
	ОН 5	Психологиялық-педагогикалық антропология мәселелерін және оның даму тенденцияларын түсінеді. Өзіндік жетілу және кәсіби даму мақсатында адам туралы білімнің маңызын сыни зерделейді.
	ОН 6	Инновациялық білімнің педагогикасы және психологиясы туралы, инновациялық білім технологиясы туралы білімін қолдана алады.
	ОН 7	Білім сапасын басқару технологиясын меңгерген.

## Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау

Оқыту нәтижесінің коды	Модуль атауы	Пәндер атауы	Көлемі (ECTS)
ОН 1 ОН 2	Зерттеудің әдіснамалық негіздері	Академиялық хат	5
ОН 2 ОН 3		Ғылыми зерттеу әдістері	5
ОН 4 ОН 6 ОН 7	Педагогтың кәсіби қызметі	Педагогтың кәсіби құзырлылығы	5
ОН 3 ОН 4 ОН 6		Педагогикалық практика	10
ОН 3 ОН 6 ОН 7		Зерттеу практикасы	10
ОН 2 ОН 5 ОН 6	Білім берудің заманауи мәселелері	Заманауи ғылымның өзекті мәселелері Педагогикалық ғылымдардың қазіргі кездегі жағдайы мен тарихы	5
ОН 4 ОН 5 ОН 6		Білім беру сапасын басқару Кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас	5
ОН 3 ОН 4	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	123
	Қорытынды аттестаттау	Докторлық диссертацияны жазу және қорғау	12

## Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы

N р/ н	Пәндердің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредит тер саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)						
				ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7
Негізгі пәндер циклі ЖОО компоненті										
D1	Академиялық хат	Пән аналитикалық ғылыми-зерттеу және мәтіндік қызметпен байланысты құзыреттерді; аналитикалық-синтетикалық, сыни және прагматикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады. Пәнді оқу барысында ғылыми мәтіндерді жазудың түрлері, әдістемесі мен этикалық принциптері, ғылыми мәтінді құру және оны жариялауға дайындау принциптері, библиографиялық тізімді рәсімдеу, ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасаудың негізгі ережелері, аннотация түрлері және оларды құрастыру ерекшеліктері, ғылыми мәтінді рецензиялау қарастырылады.	5	+	+					
D2	Ғылыми зерттеу әдістері	Пән докторанттарда дербес ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыру дағдыларын қалыптастыру; диссертациялық зерттеуде қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін ғылыми зерттеу әдістерін қолдану; өзінің диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша эмпирикалық деректерді өңдеу әдістерін қолдану мақсатында зерделенеді.	5		+	+				
D3	Педагогикалық практика	Жоғары білім беру жүйесінің жұмыс істеуінің нормативтік-құқықтық негіздері туралы білімді қалыптастыру; оқу-тәрбие, әдістемелік және ғылыми жұмысты жетілдіру бойынша ЖОО қызметін регламенттейтін негізгі ережелер мен құжаттарды іске асыру тәртібі. Оқытудың белсенді әдістерін талдау және педагогикалық қызметте заманауи білім беру технологияларын қолдану, білім беру қызметінің тиімділігін бақылау және бағалау.	10			+	+		+	
Негізгі пәндер циклі Таңдау бойынша компонент										
D4	Заманауи ғылымның өзекті мәселелері	Заманауи қоғамдағы ғылым және оның ролі; заманауи ғылымның негізгі тұжырымдамалары; заманауи ғылымның даму тенденциялары; бірігу, ақпараттандыру, синергетизм тенденциялары; ғылыми мектеп – ғалымдарды даярлау формасы			+			+	+	



		ретінде; заманауи білім беру парадигмалары; Қазақстандағы ғылымның дамуы. Білім беру үдерісін дамытудың мегатенденциясы және жаңа педагогикалық теориялар.	5							
	Педагогикалық ғылымдардың қазіргі кездегі жағдайы мен тарихы	Педагогикалық ойдың қалыптасуы мен дамуы туралы ғылыми түсініктер; педагогика мен білім беру тарихының ғылым ретінде қалыптасуының негізгі кезеңдері. Педагогикалық ғылымның қазіргі жай-күйінің жалпы сипаттамасы; педагогикалық құбылыстарды зерттеудің әдіснамалық тәсілдері мен принциптері; педагогика саласындағы зерттеу көздері. Педагогикалық ғылымның дамуының негізгі бағыттары.				+		+		+
Бейіндік пәндер циклі ЖОО компоненті										
D5	Педагогтың кәсіби құзырлығы	Педагогтың негізгі кәсіби құзыреттілігі: зерттеушілік, ұйымдастырушылық-коммуникативтік, конструктивтік-жобалау, әлеуметтік-тұлғалық, бейімдік және өздігінен білім алу. Сыни ойлау дағдылары. Эмоционалды интеллект. Көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру. Оқытуды цифрландыру. Педагогтың үздіксіз өзін-өзі жетілдіруін көздейтін жеке кәсіби құзыреттіліктерді дамыту мақсатында оқытылады.	5					+		+
D6	Зерттеу практикасы	Кәсіби білімді жүйелеу, кеңейту және бекіту, докторанттарда өзіндік ғылыми жұмыс, ғылыми зерттеу және эксперимент жүргізу дағдыларын қалыптастыру. Ғылыми бағыттағы докторанттардың зерттеу практикасы отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен танысу мақсаты негізінде диссертацияны орындау орны бойынша жүргізіледі.	10					+		+
Бейіндік пәндер циклі Таңдау бойынша компонент										
D7	Білім беру сапасын басқару	Ұйымдағы білім беру сапасын басқару педагогикалық мәселе ретінде. Білім беру жүйесіндегі сапаны басқаруды шешудегі басқарушылық мәдениет, бастама және шығармашылық бастама. Педагогикалық сапа білім беру ұйымдары қызметінің сапасын бағалау көрсеткіші ретінде. Оңтайландыру білім беру сапасын басқарудың шарты ретінде. Білім беру сапасын басқару технологиясы.						+		+
	Кәсіби-педагогикалық	Педагогикалық үдерістегі өзара әрекеттестіктің рөлі.	5							

	қарым-қатынас	Педагогикалық қарым-қатынастың функциялары, кезеңдері мен стильдері. Болашақ педагогтардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытудың өзекті мәселелері. Мұғалімнің өзіндік коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру. Желілік коммуникацияны кәсіби жүзеге асыру. Кәсіби қызметті жүзеге асыру барысында оқушылармен, олардың ата-аналарымен, әріптестерімен тиімді қарым-қатынас жасау үшін коммуникативтік құзыреттіліктерді дамыту мақсатында оқытылады.						+	+	+	
<i>Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы</i>											
D8	Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	Докторанттурадағы ғылыми-зерттеу жұмысы (ДҒЗЖ) қазіргі ғылымның өзекті бағыттары саласында кәсіби, зерттеу құзыреттілігін, теориялық және қолданбалы білімдерін қалыптастыруға бағытталған. Оқу процесіне енгізілетін ғылыми-зерттеу жұмысы оқу тапсырмаларын, соның ішінде практика кезінде, курстық жұмыстар мен диссертацияларды орындау кезінде орындауды көздейді.	123				+	+			

## Оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу (ОН)

ОН	Модуль бойынша жоспарланған оқыту нәтижелері (ОН)	Оқыту әдістері	Бағалау әдістері
ОН 1	Халықаралық академиялық қоғамдастықтың талаптарын эссе, ғылыми мақала, диссертация және т. б. сияқты түрлі жанрдағы ғылыми зерттеу нәтижелерін рәсімдеуге және ұсыну құрылымына қолданады.	интерактивті дәріс	эссе жазу
ОН 2	Өзін-өзі жетілдіру және кәсіби дамыту мақсатында психологиялық-педагогикалық ғылым мен ғылыми зерттеулер жетістіктерінің маңыздылығын сын тұрғысынан түсінеді.	кейс-әдістер	коллоквиумге қатысу
ОН 3	Ғылыми зерттеулердің әдіснамасы мен әдісін біледі, зерттеу мәселесін анықтай алады, оны ұйымдастырады және жүргізеді, эксперименттік мәліметтерді интерпретациялауды жүзеге асырады; ғылыми зерттеулердің нәтижелерін тәжірибелік қызметке енгізеді және бағалайды.	жобалық оқыту	жоба дайындау
ОН 4	Педагогикалық қызметті, педагогикалық қарым-қатынасты жоғарғы деңгейде жүзеге асырады, қазіргі педагогикалық технологияларды меңгерген және оларды кәсіби қызметте қолдана алады.	инвертелген класс (Flipped Class)	портфолио дайындау
ОН 5	Психологиялық-педагогикалық антропология мәселелерін және оның даму тенденцияларын түсінеді. Өзіндік жетілу және кәсіби даму мақсатында адам туралы білімнің маңызын сыни зерделейді.	интерактивті дәріс	презентация дайындау
ОН 6	Инновациялық білімнің педагогикасы және психологиясы туралы, инновациялық білім технологиясы туралы білімін қолдана алады.	дөңгелек үстел	портфолио дайындау
ОН 7	Білім сапасын басқару технологиясын меңгерген.	кейс-әдістер	шығармашылық тапсырма орындау

## Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері

ОН кодтары	Критерийлер
ОН 1	<b>Біледі:</b> академиялық және ғылыми ақпаратты ұсынудың негізгі түсініктері, теориялары, тұжырымдамалары мен принциптерін.
	<b>Істей алады:</b> ғылыми жұмыстарды жазу үшін академиялық жазу принциптерін қолдану.
	<b>Меңгерген:</b> ғылыми ақпаратты өз бетінше іздеу және оны одан әрі өңдеу дағдыларын.
ОН 2	<b>Біледі:</b> білім беру саласындағы зерттеу әдіснамасы мен әдіснамалық тәсілдерді.
	<b>Істей алады:</b> қазіргі ғылымның үрдістерін талдау, ғылыми зерттеулердің перспективалық бағыттарын анықтай алады.
	<b>Меңгерген:</b> ғылыми зерттеулердің нәтижелерін талдау дағдыларын.
ОН 3	<b>Біледі:</b> біледі: ғылыми зерттеулердің әдіснамасы мен әдістемесін.
	<b>Істей алады:</b> зерттеу мәселесін анықтай алады, оны ұйымдастырып, жүргізе алады, эксперименттік мәліметтерді түсіндіре алады.
	<b>Меңгерген:</b> ғылыми зерттеулердің нәтижелерін практикалық қызметке енгізу дағдыларын.
ОН 4	<b>Біледі:</b> педагогикалық қарым-қатынас негіздерін және педагогтың кәсіби қызметін.
	<b>Істей алады:</b> педагогикалық қызметті және педагогикалық қарым-қатынасты жоғары деңгейде жүзеге асыра алады.
	<b>Меңгерген:</b> педагогикалық қарым-қатынастың әртүрлі стильдерін.
ОН 5	<b>Біледі:</b> психологиялық-педагогикалық ғылым дамуының негізгі үрдістерін.
	<b>Істей алады:</b> өзін-өзі жетілдіру үшін қоғамдағы адамның жеке басы туралы білімді қолдана алады.
	<b>Меңгерген:</b> қазіргі заманғы ғылымды дамытудың өзекті үрдістерін талдау және жүйелеу дағдыларын.
ОН 6	<b>Біледі:</b> инновациялық білім беру педагогикасы мен психологиясының инновациялық үдерістерінің мазмұнын, құрылымы мен заңдарын.
	<b>Істей алады:</b> оңтайлы технологияларды таңдай алады және оларды оқу процесінде қолдана алады.
	<b>Меңгерген:</b> инновацияларды әзірлеу және игеру дағдыларын.
ОН 7	<b>Біледі:</b> білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың принциптері және білім беру сапасын бақылаудың тиімді әдістерін.
	<b>Істей алады:</b> білім беру мекемесін дамытудың өзекті және перспективалық мақсаттарын бөле алады.
	<b>Меңгерген:</b> білім беру сапасын басқарумен байланысты оқу және нақты педагогикалық жағдайларды талдау дағдыларын.

## Түлек моделі

### Түлек атрибуттары:

- Өз оқыту саласындағы терең кәсіби білім;
- Білім және ғылым саласындағы трендтерді игеруге деген қызығушылық;
- Кәсіби қоғамдастықтағы ынтымақтастық қабілеті;
- Кәсіби және жеке даму мүмкіндіктерін іздеудегі дербестік;
- Коммуникабельділік, төзімділік және тәрбиелілік;
- Академиялық адалдық;
- Қазақстанның мемлекеттік міндеттері мен стратегияларын шешуге қатысуға дайындығы.

Құзыреттілік түрлері	Құзыреттіліктер сипаттамасы
1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер: (Softskills)	Негізгі ғылыми құжаттарды құрастыруға, ғылыми жұмыстарды және зерттеу нәтижелерінің тұсаукесерін рәсімдеуге қабілетті; ғылыми зерттеу нәтижелерінің мазмұнын қисынды, дәйекті, жүйелі түрде баяндай алады; отандық және шетелдік психологиялық-педагогикалық ғылымның жетістіктерін талдайды, синтездейді және трансформациялайды; табысты педагогикалық қызмет үшін қажетті кәсіби және жеке қасиеттердің маңыздылығын бағалай алады; білім беруді басқару жайлы толық білімінің негізінде кәсіби қызметке қатысушылармен өзара іс-қимыл жасай алады.
2. Кәсіби құзыреттіліктер: (Hardskills)	Ғылыми құжаттарды құрастырудың, зерттеу нәтижелеріне сараптама жүргізудің тұжырымдамалық негіздерін меңгерген; педагогика, психология және ғылыми зерттеулер әдіснамасының іргелі білімін меңгерген; қазіргі педагогикалық ғылымның даму тұжырымдамалары мен үрдістері туралы білімді меңгерген; педагогтің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру саласында білімді меңгерген; психологиялық-педагогикалық ғылымның инновациялық жетістіктерін қолдана отырып, білім сапасын басқарады.

### Құрастырғандар:

Жұмыс тобының мүшелері:






П.ғ.д., профессор

П.ғ.д., профессор

П.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Саран қаласы №17 мектеп-гимназиясы КММ ФЗЖ бойынша директордың орынбасары

Докторант

 Н.В. Мирза  
 Л.А. Шкутина  
 Р.Б. Маженова  
 Е.В. Юнацкая  
 Т.Г. Исхақбаева

Білім беру бағдарламасы факультет Кеңесі отырысында қарастырылды « 24 » 04 20 23 ж. Хаттама № 10




Білім беру бағдарламасы университеттің Академиялық Кеңесі отырысында қарастырылды « 28 » 04 20 23 ж. Хаттама № 5

Білім беру бағдарламасы университеттің Басқарма отырысында қарастырылды және бекітілді « 30 » 05 20 23 ж. Хаттама № 11

Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректор

Академиялық жұмыс Департаментінің директорының м.а.

Педагогика факультеті деканы

 Т.З. Жүсіпбек  
 С.А. Смаилова  
 С.А. Муликова